

Құрметті университеттің ОПК!

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым саласындағы сыйлықтар, мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурс туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға ұсынылған жұмыстарды қабылдау Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» КЕАҚ осы хабарландыру ҚР ҒЖЖБМ ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/documents/details/740147?lang=ru> жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қабылдайды.

Конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар:
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007392>

Өтініш беру:

Сыйлықтар:

<https://astanahub.com/kk/l/awards>

Стипендиялар:

<https://astanahub.com/ru/l/scholarships>

Ғылым саласындағы сыйлықтар алуға арналған конкурсқа мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) монографиялар, монографиялардағы тараулар, мақалалар, патенттер, авторлық куәліктер түрінде ғылыми жұмыс (бестен аспайтын);
- 2) мазмұны, зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелері, олардың маңыздылығы мен болашақта пайдалану мүмкіндігі баяндалатын жұмыстың сипаттамасы (баспа парағының жартысынан аспайтын);
- 3) жұмысты ұсынған ұйымның консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзінді;
- 4) сыйлық алуға үміткердің негізгі қызмет орнынан анықтама;
- 5) сыйлық алуға үміткердің (ұжымдық жұмыстары үшін) шығармашылық үлесі көрсетілген ғылыми қызметіне қысқаша сипаттама;
- 6) жұмысты ұсынушы ұйымнан конкурсқа ұсынылған жұмыстың (жұмыстар сериясы) бұрын республикалық бюджет қаражатынан төленетін сыйлықтарға ие болмағанын куәландыратын анықтама;
- 7) енгізу актісінің көшірмесі (болған жағдайда);
- 8) карталық базада қолданыстағы жиырма сандық ағымдағы шоты туралы хабарлама.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға арналған конкурсқа мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) ұйымның консультативтік-кеңесші органының уәжді қолдаухаты (ұсынымы);
- 2) мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға үміткердің жұмыс орнынан анықтама;

3) мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға үміткердің соңғы бес жылда ғылыми жарияланымдарының тізімі, сондай-ақ олардың ең маңызды жұмыстарының баспа-таңбалары (бестен аспайтын);

4) енгізу актісінің көшірмесі (болған жағдайда);

5) карталық базада қолданыстағы жиырма сандық ағымдағы шоты туралы хабарлама.

Байланыс үшін:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» КЕАҚ:

+7 (727) 364 – 76 – 48

+7 775 943 03 05

+7 (707) 900 – 32 – 01

+7 (775) 959 – 62 – 64

Техникалық қолдау (Ақпараттық жүйемен байланысты мәселелерге қатысты):

+7 (7172) 73 50 89

1818